

FTAMP 03.01.00

<https://doi.org/10.26577/JH.2024.v114i3-02>**Х. Түрсүн^{1*}, Ж. Дюсембекова², Д. Айтмагамбетов³**¹Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті. Түркістан қ., Қазақстан²Жұмабек Ташенов атындағы университеті. Шымкент қ., Қазақстан.³Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті. Астана қ., Қазақстан

*e-mail: khazretali.tursun@ayu.edu.kz

**«АҚ ЖОЛ» ГАЗЕТІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ-ТЕРРИТОРИЯЛЫҚ
ТҰТАСТЫҚ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ҰЛТТЫҚ ИДЕЯСЫ**

Еліміздің тәуелсіздігі кезеңінде Отан тарихының кеңестік тарихнамасында қалыптасқан тарихи оқиғалар мен құбылыстарға қатысты тұжырымдар қайта қаралып, жаңа деректер негізінде жаңартыла бастады. Кеңестік тарихнамадағы шынайы тарихи бағасын алмаған оқиғалардың бірі кеңестік биіліктің алғашқы жылдарында еліміздің ұлттық-территориялық тұтастығының қалыптасу тарихы болатын. Мақалада осы мәселе Түркістан өлкесінде 1920-1925 жылдары шығып тұрған Түркістан коммунистік партиясы Орталық комитеті мен Түркістан Орталық Атқару Комитетінің баспасөз органы «Ақ жол» газетінің деректері негізінде қарастырылады. Алдағы жылы Орта Азия мен Қазақстанда жүргізілген ұлттық-территориялық межелеу саясатының іске асқанына 100 жыл толуы қарсаңында аталған мәселенің ұлттық идея деңгейде көтерілуінің тарихын ғылыми қалпына келтірудің маңызы зор.

2001-2002 жж. еліміздің мемлекеттік шекарасының халықаралық құқықтық және заңнамалық талаптарға сай делимитациялануы мен демаркациялануы осы тарихи оқиғаның тарихын ғылыми қалпына келтіруді қажет етеді. Жаһандану жағдайында мемлекеттер арасында геосаяси мүдделер арақатынасында мемлекеттік шекара туралы ғылыми білімдердің тарихи таным қалыптастыру үшін де барынша өзекті болып отыр. Көрші елдердің саясаткерлері мен мемлекеттік қызметкерлері тарапынан еліміздің мемлекеттік шекарасының тұтастығына күмән келтірген дәлел, дәйексіз мәлімдемелеріне тойтарыс бере алу үшін де мақалада осы өзекті мәселелерге қатысты деректік материалдарды талдап, сараптап ғылыми айналымға ұсынылып отыр.

Түйін сөздер: «Ақ жол» газеті, ұлттық идея, ұлттық-территориялық межелеу, С. Қожанов.

Kh. Tursun^{1*}, Zh. Dyusembekova², D. Aitmagambetov³¹Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Turkestan, Republic of Kazakhstan²Zhumabek Tashenov University, Shymkent, Kazakhstan³L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

*e-mail: khazretali.tursun@ayu.edu.kz

**The national idea of the formation of national-territorial integrity
in the newspaper «Ak zhol»**

During the period of independence of the country, the conclusions regarding historical events and phenomena that developed in the Soviet historiography of the Fatherland began to be revised and updated on the basis of new data. One of the events in Soviet historiography that did not receive a true historical assessment was the history of the formation of the national-territorial integrity of the country in the first years of Soviet height. The article discusses this issue on the basis of the data of the Central Committee of the Communist Party of Turkestan and the newspaper «Ak zhol», the Press body of the Turkestan Central Executive Committee, which existed in the Turkestan region in 1920-1925. In the coming year, on the eve of the 100th anniversary of the implementation of the national-territorial delimitation policy in Central Asia and Kazakhstan, it is important to scientifically reconstruct the history of raising this issue at the level of the National idea.

2001-2002 the delimitation and demarcation of the state border of the country in accordance with international legal and legislative requirements requires a scientific reconstruction of the history of this historical event. In the context of globalization, scientific knowledge about the state border in the ratio of geopolitical interests between states is also becoming increasingly relevant for the formation of historical knowledge. The article analyzes and analyzes data on these topical issues and is presented for scientific circulation in order to be able to refute arguments and false statements by politicians and civil servants of neighboring countries that question the integrity of the state border of the country.

Key words: newspaper “Ak zhol”, national idea, national-territorial development, S. Kozhanov.

Х. Турсун^{1*}, Ж. Дюсембекова², Д. Айтмагамбетов³

¹Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави, г.Туркестан, Казахстан

²Университет имени Жумабека Ташенова. г. Шымкент, Казахстан

³Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, г. Астана, Казахстан

*e-mail: khazretali.tursun@ayu.edu.kz

Национальная идея формирования национально-территориальной целостности в газете «Ақ жол»

Выводы, касающиеся исторических событий и явлений, сложившихся в советской историографии отечественной истории в период независимости страны, стали пересматриваться и обновляться на основе новых данных. Одним из событий в советской историографии, не получившим подлинной исторической оценки, стала история становления национально-территориальной целостности страны в первые годы советской эпохи. В статье рассматривается данный вопрос на основании данных газеты «Ақ жол» Центрального комитета Коммунистической партии Туркестана и печатного органа Центрального Исполнительного комитета Туркестана, вышедшего в Туркестанском крае в 1920-1925 годах. В преддверии 100-летия реализации национально-территориальной политики межевания, проводимой в Средней Азии и Казахстане в предстоящем году, важно научное восстановление истории подъема данного вопроса на уровне национальной идеи.

2001-2002 гг. делимитация и демаркация государственной границы страны в соответствии с международными правовыми и законодательными требованиями требует научного восстановления истории этого исторического события. В условиях глобализации научные знания о государственной границе в соотношении геополитических интересов между государствами становятся все более актуальными и для формирования исторического познания. Для того, чтобы опровергнуть доводы, недостоверные заявления политиков и государственных служащих соседних стран, ставящие под сомнение целостность государственной границы страны, в статье проанализированы и представлены в научный оборот материалы, касающиеся этих актуальных вопросов.

Ключевые слова: газета «Ақ жол», национальная идея, национально-территориальное размежевание, С. Ходжанов.

Кіріспе

Зерттеуде көтерілген басты идея қазақ жерінің территориялық тұтастығын қалыптастырудағы «Ақ жол» газетінің төңірегіне топтасқан ұлт зиялыларының қызметіне баға беру және ғылыми талдау болып белгіленді. Олардың осы бағыттағы қызметі кеңестік билік орнағанға дейінгі қоғамдық-саяси және шығармашылық қызметінде көрініс тапқан болатын. Ұлт-азаттық қозғалыстың саяси дәлелдерінің бірі – патша өкіметінің отарлық мүддесімен бірнеше губернияға әкімшілік-аумақтық тұрғыда оқшауланған қазақ жерін біріктіру болды.

Оқшауланған аймақтың бірі Түркістан өлкесіндегі қазақ халқының бірлігі мен тұтастығына қол жеткізу мәселесі Түркістан коммунистік партиясы Орталық Комитеті мен Түркістан Орталық Атқару Комитетінің ресми баспасөз органы ретінде 1920-1925 жж жарық көрген «Ақ жол» газетінің басты тақырыптарының біріне айналған. Газет беттерінде осы идеяны насихаттауға байланысты жұмыстар жүйелі түрде жүргізілгендігі аңғарылады. С.Қожанов газетте «Тоқпақ» лақабатымен жариялаған мақаласында (Қырғыз-қазақ бірлігі. (Тоқпақ) Ақ жол. 1922 жыл, 12 наурыз, №150) 1922 жылдың ақпанын-

да Қырғыз (қазақ) Орталық атқару комитетінің төрағасы С.Мендешовтың өткізген жиналыстарында осы мәселе арнайы талқыланғандығы айтылады. 28-ақпандағы жиында С.Мендешов Сырдария және Жетісу облыстарын Қазақстанға қосу мәселесі «керекті істерінің ең үлкені» екендігін атап көрсетеді. Осы мәселеге қатысты С.Қожанов «Сөзді ұзаққа сілтеп, жұрты түгелімен қырғыз-қазақ екі облыс түпкілікті Қазақстанмен қосылуы керек пе, керек емес пе деп отырудың орны жоқ» дей келіп «қырғыз-қазақ бір кеңес мемлекетін жасау керек, бір болу керек. Бірақ қашан бірігу керек, қайтіп бірігу керек?» екендігі негізгі міндет екендігін айтады. «Қазақстанда көтерілген мәселе құр құп алу мәнісіне қарамай, тереңірек тексерілуі керек» деп тұжырымдайды. Осындайда С.Қожановтың «Ақ жол» газеті жарыққа шыққалы Қазақстан тіршілігінен нөмір сау қалмай жазылып келеді» деп газет редакторы ретінде айтқан сөзінің негізі бар.

Мақалада ұлт зиялылары көтерген ұлттық-территориялық тұтастық идеясының қалыптасуы мен дамуының тарихын ғылыми қалпына келтіруде «Ақ жол» газетінің материалдары тарихи дереккөз ретінде кеңінен пайдаланылды.

Материалдар мен әдістер

Мақаланың басты мақсаты ресми биліктің баспасөз органының жарияланымдарын тарихи дереккөз ретінде қарастырып, еліміздің ұлттық-территориялық тұтастығын қалыптастыру мәселесінің ұлттық идея ретінде қалыптасуы және насихатталуын ғылыми қалпына келтіру болып саналады. Зерттеуде 1920-1925 жылдары жарық көрген «Ақ жол» газетінің жарияланымдары басты дереккөз ретінде пайдаланылды. Осы мақсатқа сай деректанудың деректі сынау, талдау және жіктеп, жүйелеу сияқты дәстүрлі әдістері қолданылды. Ұлттық идеяның қалыптасуы және оның қызметтерінің іске асу барысына талдау жасап, баға беруде саяси ғылымдардың болжамдау әдістері, философияның герменевтикалық тәсілдерді қолдандық. Дәстүрлі кеңестік тарихнаманың тұжырымдарына балама ретінде модернизациялық тұжырымның танымдық мүмкіндіктері пайдаланылды.

Талқылаулар

«Ақ жол» газетінің Түркістан өлкесіндегі атқарған саяси-идеологиялық және мәдени ағартушылық қызметі туралы тәуелсіздік кезеңде зерттеу жұмыстары қолға алынды. Тақырыптың осы кезге дейін «ақтаңдақ» тақырыптардың бірі болып келуінің себебі жөнінде алғашқы болып С.Қасқабасов «тарихымыздың осынау қаралы беттерінде И.Сталиннің «Ақ жол» газеті туралы хатының ел ішінде зобалаң туғызған сүренсіз рөлі әлі де нақты айқындала қойған жоқ. Мұны терең зерттеу осы хаттың ауыр салдарына ғылыми баға беру тарихшыларымыздың үлесі» (Қасқабасов, 1993:89-92) деген тұжырым жасады. Сол сияқты Т.Қожекеев (1995) «Ақ жол» басылымның алғашқы редакторы С.Қожановтың журналистік қызметі жайлы зерттеулерінде мәселені біршама қарастырды. Қ.Кемеңгеров жайлы зерттеулерінде Д.Қамзабекұлы (2005 : 5-31) басылымның ұстанған ұлттық бағытына қатысты тұжырымдар жасады. Газеттің жабылу тарихын кеңінен таратқан Д.Махат (2007:116-120) «Осыған байланысты «Ақ жол» журналын түбірінен жедел түрде қайта ұйымдастыруды, одан партияда жоқ интеллигенттерді қуып және оны коммунистік насихаттың органы етуге байланысты шаралар қолдануды сіздерден сұрауды мен өзімнің міндетім деп санаймын» деген сталиндік тапсырыстың қыр-сырын ашады. Дархан Қыдырәлі «Ақ жол» газетінің жабылуы жөнінде «Осы ретте атап өтерлік жайт, «Ақ жол» журнал

емес газет. Осының өзі-ақ аталмыш газетті Сталиннің көрмегенін, сондықтан бұл материалды оған Қазақстаннан, яки орталықта Қазақстанмен айналыстын әлдекімдердің дайындап бергенін көрсетеді. Сталинге «справка» дайындаған «пысықайдың» тіпті, қазақ болуы ғажап емес!» (Қыдырәлиев, 2007 : 320) деген пікірді алға тартады. Х.Тұрсұн (2011 :28) газеттің өлкеде кеңінен танымал болуын «баспасөз төңірегіндегі ұлтжанды азаматтардың жанқиярлық еңбегінің нәтижесі» деп бағалайды. Тақырыптың екінші бөлігі еліміздің ұлттық-территориялық тұтастығын қалыптастыруға арналғандықтан да осы мәселеге қатысты зерттеулерді де арнайы талдауымыз керек болады. Зерттеу барысында жариялаған мақаламызда ұлттық идеяның қалыптасуы мен қызметіне қатысты тұжырымдар ұсындық (Дюсембаева, 2022 : 23). Ендігі мәселе ұлттық-территориялық тұтастық қалыптастыру тарихының зерттелуіне қатысты болмақ.

Нәтижелер

БК(б)П ОК Түркістан бюросының мүшесі Г.Сафаровтың (1922 :22). Орталық биліктің өлкедегі өкілі ретінде «Ақ жол» газетінде Сырдария, Жетісу облыстарын Қазақстанға қосу мәселесіне байланысты өз ойларымен бөліскен мақаласы жарияланды. Аталған мақалада БОАК-тің 1920 жылдың аяғында Қазақстан Республикасына Автономия беру туралы заңында Түркістан республикасының Жетісу, Сырдария облыстарын Қазақстанға қосу ісі қаралғандығын айта келіп, 1921 жылғы Әулиеата қаласындағы қазақ кедейлерінің сиезінде бұл қосылу мәселесі мақұлданғанымен, оны іске асыру екі облыстағы және Қазақстан Республикасындағы кеңес құрылысы нығайғанға дейін кейінге шегерілгендігін жазады.

Осы мәселеге айқындық беру үшін Сафаров Қазақстан Республикасы мен Түркістан өлкесінің саяси-әлеуметтік ахуалына салыстырмалы талдау жасайды.

Қазақстан Республикасында кеңес үкіметі отаршылдықты әлі жеңе алмағандығының дәлелі ретінде қара шекпендерден алынған милициялардың барлығы қоныстанушылардан екендігі; патша үкіметінің казак-орыстың пайдасына бекітіп берген Оралдың екі бетіндегі ені 10 шақырымдық жерлер сол күйінде қалып отырғандығы; Орынбордың маңайында 2-3 қана болыс қазақ болғандықтан және Орынбор қазақ облыстарынан сонша аулақ алыста тұрғаны себепті «қазақ халқының көшпелі кең даласында билеу

саяси кіндік бола алмай» түр деген себептерді алға тартады. Мәскеу эмиссары «Қазақстанның Түркістаннан қол үзіп кетуі дұрыс емес» деген тұжырымға тоқталады. Сонымен бірге «Екі облыстың Қазақстанға кешікпей қосылуы туралы мәселенің қойылуы өзбек пен қазақ арасына тартыс түсіруге мүмкін, әсіресе Сырдария облысында» деген күдік айтады.

Сафаровтың осы мақаласына Қырғыз (қазақ) автономиясы Халкомкөңесінің төрағасы С.Сейфулин «Ақ жол» газетінде жауап қайтарады (Манап Шамил, 1922 : 23). Ол мақаласында Г.Сафаровтың Түркістандағы екі облыстың Қазақстанға қосылуын құптамаған дәлелдеріне қарсы уәждерін айтады. Бұл «айтылған сөздер Жетісу, Сырдарияны Қазақстанға әзір қоспау пікірінде еш дәлел емес» үкімет басшысы ретінде Қазақстанның саяси-әлеуметтік және экономикалық ахуалы «Ресейге қараған басқа елдермен бірдей екендігін» айта келіп, «Шаруашылық пен хүкімет ісін түзету жолында Қазақстан хүкіметі де белсеніп ісін істеп жатыр. Біз сенеміз, Мәскеу сыбағалы жәрдемінен кем қалдырмай тұрса Қазақстан өзі қатар елдерден кем қалмайды» деген ойды ортаға салады.

Сафаровтың «Жетісу, Сырдария Қазақстанға қосылып кетсе Түркістан әлсіреп қалады» деген пікіріне қарсы «жалғыз Түркістанның ғана «абыройын» ойлап» ол үшін Қазақстанның екі облысын ұстап отырудың ешбір жөні жоқ» екендігін айтады.

Сафаровтың тезистеріне үкімет басшысы ретінде тойтарыс берген мақаласында С.Сейфулин «Россияға қараған өзге ұлттар әлде қашан автономияларын жариялап, хүкіметтерін түзеп, істерін істеп жатқанда қазақ әлі күнге шейін Қазақстанның басын біріктіре алмай жүруі зор кемшілік... Жетісу, Сырдария облыстарының Қазақстанға тез қосылуы тарих жүзінде дұрыс жұмыс» деген қорытынды тұжырым жасайды.

Түркістан өлкесінде әкімшілік-аумақтық бөліністі қайта құрылымдау мәселесі 1923 жылдың соңында өткір мәселе ретінде күн тәртібіне қойылады. Осы мәселеге байланысты Орталық үкіметтің жасаған жобасы бойынша облыстарда үйездердің орнына «округ» (аймақ) ашу қарастырылған. Мәселеге Түркаткомның қазақ бөлімінің сарапшысы ретінде Қоңырқожа Қожықов(1923:28) «Ақ жол» газетінде пікірталас ретінде өз тұжырымдары мен ұсыныстарын жариялаған. Осы мақалада Түркістандағы үйездердің саны 29, болыстардың саны 480 болса, жаңа жоба бойынша 29 үйездің орнына 13 округ, барлық округтердегі болыстардың саны 140 бо-

латындығы айтылады. Жобаның мақсаты облыс, үйез һәм болыс аткомдарының санын азайтып, қаражат үнемдеу және қонысының, ұлтының, халқының, кәсібінің түріне қарай бірыңғайластыру болған.

Өлке үшін үлкен саяси және этникалық мәселеге айналған осы тақырыпқа қайта оралған Қ.Қожықов(1924:387-388) қаңтар айында «Ақ жол» газетінің екі санында арнайы мақала жариялайды. Мақалада Орталық биліктің 1920 жылы шығарған қарарында «жергілікті ұлттардың құрылысына, олардың мәдениетінің, шаруасының ілгері басуына қарай әрбір ұлтты бір ұлтқа үстемдік қыла алмастай қылып, Түркістан республикаларын аудандарға бөлу керек» деген тұжырымын басшылыққа алып, аудандастыру комиссиясының жобасында Жетісу облысын төрт емес үш аймаққа бөлудің дұрыс еместігіне дәлел ұсынады.

Қоңырқожаның көтерген мәселесіне үн қосқан Қалжан Қоңыратбаев (1924:29) «халықтың тұрмысы жағынан қарағанда, соңғы жазылған Қоңырқожаның жобасынан ел мәнісін, жер мәнісін жақсы білетіндігі көрініп отыр» деп үн қосады.

1924 жылдың бас кезіндегі «Орта Азия республикаларын ұлттық-территориялық межелеу» туралы БОАК қаулысы шыққаннан соңғы кезде өлкедегі қазақтарды Қазақстанға қосу мәселесі ұлт зиялылары тарапынан зерттеле бастады. Осы зерттеу барысында бірнеше ғасыр бойы өлкеде тұрақтап қалған және өзге ұлттармен аралас отырған қазақтардың арасында өте күшті ассимиляциялану процесі жүріп жатқандығы аңғарылды. Бұхарадағы Орталық қазақ бөлімінің бастығы Мырза Наурызбаевтың (1924:30) мақаласында осы мәселеге қатысты деректер айтылады.

Наурызбай Бұхарадағы қазақтардың рулық-тайпалық құрамына талдау жасап, ондағы тұрғындардың ассимиляциялануының себебіне қатысты «Қазақтардың қазақтығын ұмытып, өзбек болып кетуінің себебі ескі үкіметтің қысымшылығы деуге болады. Тұрмыстың қиын шарттарына қарай бұлардың тілі де, тұрмысы да, әдет-ғұрпы да өзгере бастағандығын» атап көрсетеді. Мақаланың соңында «қазақтығын жоғалтып, тұрмыстың қысымшылығынан бір онда, бір мұнда тығылып жүрген кедей елін құтқарып, өздерінің құқықтарын алып беру үкімет иелерінің міндеті екендігіне» назар аударады.

Ұлт шекарасын ажырату мәселесіне қатысты С.Қожанов «Минуэр қарыға ұқсаған бес-алты дуалы ауыздан шыққан «Түрік», «Шағатай»,

«Өзбек» деген сөздерден соңғы сөз іске асып, бұрын сарт деп жүрген халық, қағаз жүзінде оқығандардың аузында өзбек атанып кетті» (Тарпаң, 1924:40) деп, «ескі өзбек», «жаңа өзбек» болып топтасу қазақтардың этникалық таңдауына да өзек болып отырғандығын айтады. Оның баса мән бергені Ташкент үйезіндегі 11 болыс құрама түгелімен өзбек деп саналып кетуі еді. «Осы күнге дейін құраманы «Ақтабан шұбырыншылықта» ауып кеткен қазақтың кіші жүзінің түрлі руларынан құралған жұрт деп санаушы едік» деп құрамалардың этникалық тегі қазақ екендігіне дәлел келтіреді және ұлтқа жіктелуде сырттан билеп, тон пішіп, басып көктеу ұлт белгісін анықтап, атақ беруде орынсыз» екендігін жазады.

Осы тақырыпқа үн қосқан Темірбек Жүргенов те ұлттық-аумақтың межелеу кезінде қазақ-өзбек ассимиляциялық процестеріне баға беріп, талдау жасаған. Оның мақаласында (Темірбек, 1924:35) «Ұлтты – туысты өзгерту деген, тіпті де, бұрын-соңды болмаған һәм мұнан бұлай да болады деп ақылға орналастыруға болмайтуғын мәселе» дей келіп, құрама қазақтың түрлі руларынан құралғандығын көреміз... Бір атадан өнбей, әр рудан құралғандықтан құрама деп аталып кеткен» деген тұжырым жасайды. Құраманың ішінде Ұлы жүзге қараған үйсін, дулат, жалайыр, балғалы, қаңлы, шанышқылы, сіргелі, тутанбалы; Орта жүзден: найман, бағаналы, арғын, қанжығалы, ашамайлы; Кіші жүзден: жаппас-шөмекей, табын, тама, жағалбайлы, рамадан деген рулардан құралғандығын жазады. Т.Жүргенов осы мазмұндағы жазбасын Түркатком жанындағы Қырғыз (қазақ) өкілдігіне де жазбаша жолдаған.

Түркатком төрағасының орынбасары ретінде С.Қожанов 1924 жылдың 4 шілдесінде Мәскеудегі РК(б)П XIII съезіне қатысып қайтқаннан кейін «Ақ жол» газетіне сұхбат берген. Осы сұхбатында (Темірбай, 1924:43) С.Қожанов Түркістандағы әр ұлтқа автономия беру туралы Г.Сафаровтың 1921 жылы айтқандығын еске салып, содан бері бұл мәселе жөнінде ұлттар мемлекеттерінің түрі және бір-біріне қатынасы туралы түрлі пікірлер болып келгендігі, мәселенің түйіні осы съезде шешілгендігін айтады.

Съезде екі мәселе өткір пікірталасқа негіз болған. Біріншісі: Орта Азия мемлекеттері бірігіп федерация болама, болмай ма? Екінші мәселе: федерация құрылмайтын болса барлық ұлттардың ортасындағы қазнасындай саналатын, мәдениеттің ордасы, сауданың кені, шаруаның кіндігі Ташкент қаласы кімге тиесілі болады.

Орта Азияда федерациялық билік құрылымын қалыптастыру бойынша ұсыныстарын 2 маусым 1924 жылы РК(б)П Орталық Комитетіне жолдап, онда Ташкент қаласының Қырғыз (қазақ) республикасы үшін саяси және экономикалық тұрғыда маңыздылығын негіздеген. Аталған құжатқа Д.Ю. Арапов «Біздің пікірімізше, С.Қ. Қожановтың(2011:191-192) «Орта Азиядағы межелеу туралы» жазбасы ХХ ғ. бас кезіндегі қазақ мемлекеттілігін қалыптастыру тарихының аса құнды дереккөзі болып табылады» деп баға берді.

Түркістан уәкілдерін тыңдаған соң съезд межелеуді мақұлдап, Өзбекстан мен Түрікпенстан одақтас республикалар болып, Кеңес Одағына қосылатын болсын Тажік автономиялы облысы Өзбекстанға, Қырғыз өз алдына республика болып, Россияға қосылсын, Түркістан қазақтары әзіргі Қазақстанға қосылсын деген қаулы қабылдады.

ТКП ОК жауапты хатшысы Варейкис (1924:25) Орта Азиядағы ұлттық-аумақтық межелеу реформасын «үлкен революция» деп бағалады.

Варейкис Орта Азиядағы ұлттық-аумақтық межелеудің мақсаты «ұлт мемлекеттерін жасау» екендігін айта келіп, осы кезге дейін бұл мәселенің көтерілмей келгендігінің мынадай себептеріне тоқталады: «бірінші, шаруашылық жағынан байланысы болғандықтан екінші, Түркістандағы ұлттарды мәдениет жағынан қарап айыру революцияның бірінші дәуірінде көмескілеу түрде болып, еңбекшілердің пайдасы шығатын жайды білу керек еді. Үшінші, Түркістандағы басмашылық әрекеті де недәуір бұл істі қолға алуға бөгет болып келді».

Межелеу мәселесін жіті қадағалап отырған Қазақстан үкіметінің ұстанымдары «Еңбекшіл қазақ» газетінің беттерінде де үнемі жарияланып тұрды. «Ақ жол» газеті аталған газеттің мақаласын көшіріп басыпты (Қазақ халқының қосылу мәселесі, 1924:45). Қазақстан Республикасы құрылғаннан бері, қозғалумен келе жатқан Түркістан қазақтарымен қосылу мәселесі енді аяқталуға жақындағандығын жазған газет Орталық биліктің ұсынған жобасын қуаттайды. Сол сияқты «Ақ жолда» көтерілген құрамаларды қазаққа қосу мәселесінде де бірауыздылық танытады.

С.Меңдешев, А.Әлібеков «Ақ жол» газетінде ашық хат жариялап (С.Меңдешев, 1924:49) «Түркістан қазағы мен Арқа қазағы бірлесіп, Қазақстан мемлекеті іргесін қосқалы отыр. Қазақстан мемлекеті ордасын Сырдарияға көшіріп, өзінің

баяғы қонысына қонайын деп отыр. Ташкентте шығып тұрған «Ақ жол» газетінің мәні бұрынғыдан да зораймақ. Өрісі бұрынғыдан да кеңеймек. «Ақ жол» газеті Қырдағы, Сырдағы, Арқадағы, Жетісудағы қазақтың бәріне бірдей керек газет» деп басылымның маңызын атап көрсетеді..

«Ақ жол» газетінде Абдулла Рахымбаев та пікір білдіреді. Ол газетке берген сұхбатында («Ақ жол», 1924:45) межелеуді ұлт республикаларының шаруашылық бірлігіне баса мән беріп жүргізуді қолдайды. «Қазақстанның бір шеті Сібір, бір шеті Орал. Сондықтан Қазақстанның Орта Азия шаруашылық бірлігіне кіретін реті жоқ» деп, Орта Азия партия ұйымдарының Ташкент Өзбек республикасында қалсын дегенде «Ташкент қаласы Түркістан, Ферғана, Самарқанның мәдени-саяси кіндігі» болғандығын дәлел ретінде ұсынады.

Газеттің осы санында Орта Азия республикалары ұлт шекарасына қарай бөлу туралы Қожановтың пікірі жарияланған (Орта Азия республикалары ұлт шекарасына қарай бөлу туралы жолдас Қожанұлының пікірі, 1924). «Түрлі ұлттар арасы еркіндікпен жақындасып, достықпен қанаттасып, шын бірілік байланысын жасауға ұлт шекарасын айыру керекті шарт» екендігін айта отырып, «ұлт шекарасын ажырату – һәр ұлттың мәдениет һәм шаруа майданында азаттық жолымен жасауға керекті шарт һәм әлгі айтылған жергілікті шовинизммен күресудің ең төте жолы» деп бағалайды. Қожанов осы мақалада межелеу барысында шаруашылық ыңғайына қарай Орта Азия федерациясын құру жөнінде болжам айтып, «Өзбек республикасы мен Түрікпен республикасына» одақтас республика мәртебесі берілгендігі сияқты Қазақстанға да осындай мәртебе берілгендігін «Саны 5 миллионнан артық, жалпы қазақ һәм бөлінейін деп тұрған Түркістанның 2 жарым миллион қазағы да мұны тілейді» деп тұжырымдайды.

Газет бетінде ұлттық-территориялық тұтастық идеясын насихаттауда ұлт зиялылары, мемлекет қайраткерлері үнемі өз пікірлерін білдіріп, мақалалар жариялап, сұхбаттар беріп отырған. Межелеу саясатына белсене араласқан С.Асфендияровтың аталған газетте (Асфендияров С., 1924:10), С.Есқараевтың («Ақ жол», 1924:474), Қазатком төрағасы С.Меңдешов пен жер істері халком Әлібековтердің (С. Меңдешов, 1924) сұхбаттары жарық көрген.

Межелеу науқаны жергілікті бастауыш партия ұйымдарының арасында қызу талқыға түсті. Үкімет пен партияның ұсынған жобасын талқылауға арналған жиындарда партия саясатымен

бірге ұлттық мүддеден туындаған өткір мәселелер де талқыланып, ұсыныстар жасалғаны аңғарылады. Айталық, «Орта Азияны ұлт шекарасына қарай бөлу туралы» күн тәртібімен бастауыш партия ұйымдарының жиналыстары Ташкент мемлекет трамвайы мекемесінде, Бірінші май атындағы ұстаханада, Қызыл Күншығыс ұстаханасында өткен («Ақ жол», 1924:472) өткен.

Қарақалпақ автономиясының өкілдері де межелеуге қатысты мәселелерде қазақстандық қайраткерлермен бірге Қазақстанға қосылуды қуаттаған пікір білдірген. Қарақалпақ саяси элитасының бірі Досназаров Қарақалпақ автономиялы облысы кімге қарау мәселесін өздері шешуі керек екендігіне қарақалпақтардың тарихи дәстүрі мен тілінің қазақтан өзгелігі жоқ және кәсібі мен шаруашылық түрі, ғұрып-әдеті, тұрмысы бәрі де қазақша болғандығын дәлел етіп алға тартады (Досназарұлы, 1924).

РК(б)П ОК хатшысы Зеленский «Ақ жол» газетінде межелеудің күрделі сипат алған түйткілдері жайлы өз пікірін былай білдіреді: «Ташкент өзбек пен орыс қаласы. Ташкент Қазақстанның шаруа кіндігі, әсіресе, мәдени кіндігі бола алмайды», межелеу барысында «еуропалықтардың жағдайы қалай болады?» деген сауалға «Біз мұжықты ұлтқа бөлмейміз, тапқа бөлеміз. Сондықтан мұжықтың жер пайдалануы ретке қойылады» («Ақжол», 1924:472) деп жауап қайтарады. Оның таратып айтқысы келгені өлкеде 1921 жылы жүргізілген жер-су реформасының салдарының тігісін жатқызу еді.

1924 жылдың 12 қыркүйегінде Орынборда Қырғыз (қазақ) облыстық партия комитеті президиумының мәжілісіне Мәскеуден келіп, РК(б)П ОК хатшысы Зеленский мен Ташкенттен келген С.Қожановтар қатысқан. Мәжіліс Зеленскийдің баяндамасы бойынша Қазақстанның орталығын Орынбордан Сырдарияға, Шымкент қаласына көшіру шараларын бастау жөнінде қаулы алады («Ақ жол», 1924:474).

Газет межелеудің барысы туралы жұртшылықты үнемі құлағдар етіп отырды. 15-қыркүйекте Ташкенттегі Свердлов театрында Түркатком мүшелерінің кезектен тыс жиналысы өтті (Орта Азияда ұлт шекарасын айыру туралы, 1924: 487). мәжілісте Н.Айтақов кіріспе сөз сөйлеп ашады, Исламов баяндама жасайды. Келесі күнгі талқылаудан соң Түркістандағы межелеу жобасын мақұлдаған қаулы қабылданып, онда қаулыны бекіту Бүкілодақтық атқару комитетінен сұралатын болады.

Фуақтық тұтастығы қалыптасқан қазақ елінің ресми атаусның қалай болуы керектігі жө-

нінде де газет бетінде тың идеялар айтылады. Газет авторларының бірі «Бізде осы күнге дейін ескерілмей жүрген бір нәрсе – Қазақтың «қиргиз» болып жүруі, оның жойылмауы, жоюға әрекет істелмеуі» дей келіп, «Жиһан жүзінде қазақ атанатын қазақтан басқа ұлт жоқ...Түркістан қазағы мен Қазақстан қазағы қосылып, ордасын біріктіріп, шын ұлт мемлекеті жасағанда болашақ республика «Қазақ республикасы» (Казакская республика) деп атанып, қазақ өз атына іс жүзінде ие болып қалуы тиіс» (Қазақшыл Хасенғали, 1924) деген ұсыныс жасайды.

«Төрт жылғы өмірі ішінде қазақ республикасы шын қазақ мемлекеті болып кете алған жоқ». «Ештен кеш артық» кеш қалдық деп өкпелемеу керек. Қазақ ұлт мемлекетін жасау керек» («Ақ жол», 1924:494) деп откликтер жазылды.

Орта Азиядағы ұлттық-аумақтық межелеу қорытындысын талқылаған Қырғыз Өлкелік комитеті мен Қырғызаткомның сессиясында («Ақ жол», 1924:494) «қазақ ұлтының пайдасы үшін Ташкент, Мырзашөл үйездеріне шекарасын айыру мәселесіне өте жіті қарау керек», «Орынбор қазақ қонысынан шетте, орыс арасында Қазақстанға кіндік бола алмайды», «Ташкент мәселесінің шешілуі кешіксе, Қазақстан астанасын Шымкент қаласына тезден көшіруге кірісуді Қазақстан орталық атқару комитетінің президиумы мен Қазақстан халық комиссарлар кеңесіне тапсыру» деген ұсыныстар жасалды.

Межеленудің қорытындысын шығарған сессияға қатысқан С.Мендешов пен С.Қожанов 5 қазанда Мәскеудегі Сталин атындағы Шығыс еңбекшілерінің коммунистік университетінде қазақ студенттерімен жиналыс өткізіп, баяндама жасайды. С.Қожанов «біздің Түркістан қазағы Қазақстанға қосылғаннан кейін болашақ Қазақстан республикасының жүгі ауырламақ, міндеті қиындамақ... Қазақстан қазағының бұл күнге шейін алға баса алмай келуінің себебі де ондағы орыстың көпшілік еткендігі болуы керек. Аты Қазақстан, халқының дені орыс болып келген Қазақстанды, енді «орыстан» қалып қоймай шын Қазақстанға айналдыруымыз керек» деп ұлттық мемлекеттілік мәселесіне кеңірек толқталған.

Ұлттық-территориялық тұтастық идеясын негіздеуде қазақ ғалымдары да ғылыми ойларын ортаға салып, елге насихаттап отырды. Осы жылдың 10-қазанында Ташкенттегі Қазақ-қырғыз ағарту институтында қазақ студенттеріне қазақ шежіресі туралы Мұхаметжан Тынышпаев лекция оқыды. Ол зерттеулерінің нәтижесінде қазақ ру-тайпаларының тарихы мен ежелгі қо-

ныстары жайлы дәстүрлі деректерді қазіргізаманғы зерттеулермен салыстырап жасаған қорытындылары ұлттың бірлігін нағайтуға қызмет етті («Ақ жол», 1924:519).

Межеленуге қатысты жоспарлар ресми түрде бекітіліп, саяси, әкімшілік және құқықтық мәселелер реттелген соң оны іске асыруға қатысты шұғыл шаралар қолға алынды. Соған байланысты Қазақстан үкіметінің жанындағы Жоспарлау комиссиясы 18-қарашада Қазақ республикасын мынадай 6 облысқа бөлуді лайық деп табады: 1.Бөкей, Орал губернияларын қамтитын Орал облысы, орталығы – Үйшік. 2. Ақтөбе мен Торғай уезін қамтитын Торғай облысы, орталығы – Ақтөбе. 3. Қостанай мен Ақмола губернияларын қамтитын Ақмола облысы, орталығы – Қызылжар. 4. Семей облысы, орталығы – Семей. 5. Жетісу, Сырдария губернияларын қамтитын Түркістан облысы, орталығы – Шымкент. 6. Орталығы Шымбай қаласы болатын Қарақалпақ облысы («Ақ жол», 1924:471)

Орта Азиядағы ұлттық-территориялық межелеу саясатына белсене араласқан қазақ қайраткерлерінің арасында С.Қожановның «Ақ жол» газетіндегі жарияланымдарының қатары мол. Оның газетте жарияланған әрбір мақаласынан межелеу саясаты барысында ұлттық идеяның қалыптасуы мен насихатталуының даму динамикасын аңғаруға болады.

«Әзірлену керек» («Ақ жол», 1924:471) мақаласында Орта Азияны ұлттық-территориялық межелеу аспаннан түскендей тосын емес, көптен күтіп жүрген мәселе екендігіне тоқталып, «Түркістан мемлекетінде Кеңес үкіметі орыс ұлты үстемдігін жоюға шаруа жүзінде, саясат жүзінде «орыстықпен» үстем болып жүрген колонизаторларды тыюға көп әрекет қылған еді» дейді.

«Қырғыз бен қазақ ұлттары мемлекет жасауға әзірлігі кем, ұлттығы нашар, ең артында қалған ұлттар екені анық. Сондықтан Түркістан, Бұхара қырғыз-қазақтары жыл санап басқа ұлттарға қосылып, «сарттақыланып», отыршылық мәдениетін азғындық қатарында қабыл алып, аяғынан тозып бара жатқаны. Сондықтан жарияланғанына бес жыл болған Қазақстан осы күнге дейін, қазақтың ұлттық ордасы болып жасап кете алмай, әлі баяулап келе жатқаны». «Ұлттар бірлігіне федерация арқылы, федерацияға ұлттар шекарасын ажыратып, шаруа ынтымағы бір ұлт мемлекеттерін жасау арқылы» жетуге болады. Ол елге арнаған сөзін «Жол қиын, жүк ауыр, бірақ, ұйымдасып шығуымыз міндет» деп қорытындылайды.

«Орта Азия бірлігі һәм қазақ ұлты» мақаласында (С.Қожанов, 1924:8) С.Қожанов Түркістан өлкесіндегі қазақ облыстарының әлеуметтік әлеуетіне талдау жасайды. Оның жазуында екі облыста 1 600 мыңнан астам тұрғын бар, олар тұрғындардың 80 пайызын құрайды.

«Қазақ ұлт мемлекеті жасалсын!» атты мақаласында (С. Қожанов, 1924:476) территориялық тұтастыққа ие болатын қазақ жеріндегі тұрғындардың ұлттық құрамына талдау жасап, «Бүкіл Қазақстан халқының 46,5 пайызы ғана қазақ екен. Қазақстанда қазақ емес жұрттар көпшілік» екендігіне назар аударады. «Мемлекетіміздің аты Қазақстан болғандықтан сендер көп болсаң да түк қылмай, біздің бетімізге қарап отырыңдар деуге болмайды» деп ұлттық мемлекет болудың алдан күтіп тұрған сын-қатері жайлы өз пікірлерін білдіреді.

«Еңбек жұртшылығы бәрін жеңеді» (С. Қожанов, 1924:25) мақаласында «Ұлт шекарасы белгіленіп, ұлт мемлекеттері жасалып отырса, ол түпкілікті ақырын бөлу үшін емес, алған алды, қалған қалды болып қайтып жолықпастай айырылу үшін емес, бәлкі, бұрынғыдан да ағайындық артып, татулық, жақындық мықталуына жол ашылсын деп істеліп отырғандығын» түсіндіреді. Осыған байланысты «Шекара аспаннан белгіленбейді. Жерден белгіленеді. Әр ұлт өз қонысын сақтап қалып, сол қоныс қылған жерлерін мемлекет деп жариялайды. Қазақстан аспанда емес, жерде болмақ. Қазақ ұлты қоныс қылып пайдаланып отырған жердің барлығы Қазақстан мемлекетіне кірмек» деген кесімді сөз айтады. Өлкедегі қазақтардың саяси көшбасшысына айналған С. Қожановтың бұл сөздерін тұрғындар үкіметтің сөзі деп қабылдатындай мәнге ие болатын...

«Міндет ауырлады, үдесінен шығу керек!»

(С. Қожанов, 1924:30) мақаласында қазақтар мен орыстардың шаруашылықта алатын үлесіне талдау жасап «егіншілікте қазақ бестен бір, кооперацияда қазақ он бестен бір болып тұрғанда, қазақ еңбекшілеріне құр интернационализм үйретіп «бей бауырмалдық!» деп ойбайлаумен іс бітпейтіні анық» екендігін ашып айтады.

Сол сияқты «Әзіргі Қазақстан» (С. Қожанов, 1924:36) мақаласында Қазақстандағы тұрғындардың үлесі, үй саны, жер жағдайы, мал саны туралы статистикалық деректерге талдау жасай келіп, «Қазақстан әлі ұлт мемлекеті бола алмағанына һәм Орта Азиядан ұлт шекарасы ашылып, Қазақстанда қазақ саны көбеюіне, Сырдария мен Жетісу қосылып, теріс түстікте

Ақмола, Семеймен тұтасып, күнбатыста Орал, Ақтөбемен тұтасып, халқының көпшілігі қазақ болып, бір ыңғайлатуына қазағы көбейіп, қонысы кеңіп, Қазақстан астанасы орталық Сырдария облысына тоқтаусыз көшіп келуіне байланысып тұрғаны ашық көрініп тұрғандығын» жазады. Шындығында, Қазақстанның әлеуметтік және экономикалық ахуалы өте күрделі болып отырғандығына шынайы баға бере отырып, С. Қожанов Түркістан өлкесіндегі қазақ облыстарының қосылуы жаңа ұлт мемлекетін нығайтуға қызмет етеді деген сенімде болды.

Территориялық тұтастығы қалыптасқан жаңа ұлт мемлекетінің орталығын таңдау мәселесіне арнаған мақаласында (С. Қожанов, 1924:6) Қазаткомның астананы тез арада Орынбордан Шымкентке көшіру туралы қаулысын алға тартып, ол қаулының «үлкен тарихи мәнісі бар қаулы. Ертеде Еділ-Жайықты мекен қылған қазақ ұлты Күнбатыс капиталының сығымынан, орыс ұлтының басып, көктеп бара жатқан зорлығынан бірте-бірте шегініп келе жатқан ұлт. Октябрь революциясы тоқтатпағанда шегінудің қай жерге барып тоқтары «күдай білер» еді деп қазақ жерінің отарлануының салдарына тоқталады. Қазақтың қазірге астанасы «Орынбор қазаққа баяғыда қоныс болған жерде орнаған орыс қаласы. Орынбор губерниясында қазақ жоқ, кетіп қалған». «Отырған қаласының мемлекет астанасының жұртшылығына сүйеніп істемесе бас хүкіметтің де ісі оңбайды». «Астананы Шымкентке көшіру бұл қалыпты жойып отыр» деп елдегі саяси тұрақтылықты орнықтырудағы саяси орталықты таңдауға мән береді.

С. Қожанов аумақтық тұтастығы қалыптасқан ұлт республикасы үшін саяси орталық таңдаудың қажеттігі жайлы мынадай дәлелдерді алға тартып «Қазақстан астанасы орыстың туы тігілген қала да емес, қаласы жоқтықтан, қазақтың киіз үйінде болса да қазақ ұлт жұртшылығына жуық орында болуы керек. Қазақ астанасы болуға Орынбор қаласы шетте болғандықтан ғана жарамайды емес, қазақ қаласы болмағандықтан, қазақ ұлт мемлекетінің ұлтшылығына орда болуына қисыны жоқтықтан жарамайды. Қазақ ұлт мемлекетшілігіне әдемі қала, ыңғайлы үйлер керек емес, жаманда болса, өз ордасы болу керек» (Токпақ, 1924:3) екендігін негіздейді.

Мақалада «Түркістан облыстарының күнделік тұрмысын Орынборда отырып билеуге болмайтынын миы бар, дені сау адамның барлығы біледі. ...Түркістан облыстарын біріктіріп, бір

жерден басқару керек екенін білуге де онша көп ақылды болу керек емес» дей отырып, жаңа астана таңдауда соншалықты бейқам отырған үкіметтің әрекетсіздігін «Түркістан облыстарының бас қаласы болатын Шымкентке әлі бір таяқ шаншығанмыз жоқ» деп сынға алады. Содан да кезек күттірмейтін міндет ретінде Қазақстан астанасы қай қалаға көссе де, уақыты жеткенде екі облыс уақытты өткізіп, қолдағыдан айырыла бермей Шымкентке орталығын тез орнатуы керек екендігін нақты міндет етіп қояды.

«Қазақстан астанасы қайткенде де Сырдария облысында болады. Шымкентке бір хукім болған еді, Ақмешітті бұрын айтқаны қабыл болып жүрген ақ азаматтар ауызға алып жүр» (С. Қожанұлы, 1924:10).

Қазақстандағы орыстар өздері қаласа, иә, Қазақстан болып шығарса, өз ұлт мемлекеті ішкі Россияға қосылады. Қазірге орыстан Қазақстан ішінде, қазіргі Қазақстан олардың ақысына қиянат қылып жатқан жоқ, қайта бар қайратын орысқа жұмсап, атына мемлекет ашқан қазақты шеткері қалдырыңқырап келеді (Тоқпақ, 1924:5).

Ұлттық-территориялық межелеудің барысында мемлекеттік, ұлттық мәселелер шиеліскен жағдайда қалып, өз шешімін күтіп қалды. Осы түйткілді мәселені шешудің жол ретінде «Шекара ашу мәселесі көнеріп, іс бітіп, той тарқап кеткен соң шекараны даулаудың қисыны болмайтыны анық» (Тоқпақ, 1924:11) екендігін алға тартады. Осының барлығының қортындысы ретінде С. Қожанов мынадай ұсыныстар айтады: «1) Орта Азияда Қазақстанның Түркістан облыстары мен Қырғыз автономиялы облысы жалпы шаруа қамында бір ынтымақтас болсын; мемлекет болып аяқтанып кеткенше сүйемелдессін; 2) Сауда істерін азын-аулақ сауда капиталдарын шарт жасасып біріктіріп, қатар мемлекеттердің шаруа жүзіндегі жарысынан қалмастық шарасына кіріссін; 3) Шекара ашылып, бөлек автономия бөлу аяқталған іс болғандықтан енді ажырасу ұраны тоқтатылып, ынтымақтастық, қарындас-тық, мұндастық істері басталсын; 4) Мал шаруасын түрлендіру, мал байлығына сүйеніп мемлекет жасау істерінде бірінің тәжірибесінен бірі пайдаланып, қанаттасып жасасын». Бұл ұсыныстар қазіргі заманғы саяси терминологиямен айтсақ, мемлекеттер арасындағы стратегиялық әріптестік және ынтымақтастық болып шығады.

Ұлттық-территориялық межелеуден соңғы кездегі саяси, экономикалық ахуал бей-берекетсіздікке ұласқан жағдайда Қазақстанның мемлекет байлығын талан-тараж етпей, істі жолға қою қажеттілігі айқын еді. С.Қожанов осы мәселеге «Сөз керек емес, іс керек. Декрет керек емес, капитал керек. Саяси жолбасшылығы емес, дүние жәрдемі керек. Ұлт шегін ажыратып өзінің ұлт мемлекеті Қазақстанға қосыламын деп аңтаңдап жүрген қазақ еңбекшілерінің налымайтын шарасы тез істелу керек» (Тарпаң, 1924:7) деп айқындық береді.

Ұлттық-территориялық межелеуден кейінгі билік басындағы ұлт қайраткерлерінің арасында орын алған саяси-психологиялық ахуалды С.Қожанов былай суреттейді: «Сертке жеттік – бөліндік; қайрат қылып автономия алдық; республика болып оңаша шықтық; енді комиссарлық таласы болмайды; өзіміз боламыз шекара белгіледік; енді шет ұлттар үстемдігінен құтылдық! Міне көп жолдастардың әзіргі аузындағы сөз» (Тоқпақ, 1924:25).

Қорытынды

Қазақ ұлттық мемлекеттілігінің құрылып, территориялық тұтастығының қалпына келтірілуі кеңестік билік кезінде рәміздік тұрғыда іске асты. Осы тарихи процеске алдағы жылы 100 жыл толады. Әрине, бұл мемлекеттік мәні жоғары тарихи оқиғаны ғылыми, танымдық тұрғыда атап өтуге байланысты саяси шешім қабылданып болар. Әйтсе де осы оқиғаға қатысты ғылыми білімдер кешені ескірді. Ол жаңартуды және толықтыруды қажет етеді. Теориялық-методологиялық жағынан қайта қарауды қажет ететін тұстары да бар. Оның үстіне, көрші мемлекеттің саясаткерлері әлсін-әлсін шекара мәселесін көтеріп отыруы да мемлекеттің территориялық тұтастығына қатысты дәлел, дәйектерді ғылыми анализге ұсынудың қажеттігі түрінде өзекті мәселеге айналып отырғаны мәлім. Осыдай ғылыми олқылықтардың орнын толықтыру мақсатында кеңестік билік тұсында ұлттық мүддені алға салуымен ерекшеленген бірден-бір басылым бола алған «Ақ жол» газетінің жарияланымдарын тарихи дереккөз ретінде қолданудан жасаған қорытындымыз ұлттық идеяның қандай қоғамда болса да мәні мен миссиясы үзілмеуі керек екендігін көрсетеді.

Әдебиеттер

«Ақ жол» №471. 17 август, 1924 жыл.

Асфендияров С. Орта Азияда жаңа ұлт республикаларын түзу туралы жолдас С. Асфендияровтың пікірі. «Ақ жол» №473. 21 октябрь, 1924 ж., 10 б.

Досназарұлы. Автономиялы Қарақалпақ облысын жасау туралы. «Ақ жол» № 478. 2 сентябрь, 1924 ж.

Дюсембаева Ж., Жамелов Б.А., Түрсүн Х.М. Ұлттық идея және «Ақ жол» газеті. Абай атындағы ҚазҰПУ-нің ХАБАР-ШЫСЫ, «Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар» сериясы, №1(72), 2022 ж. 22-30 бб.

Кемеңгерұлы Д. Қ. Үш томдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Алаш», 2005. –Т.1. -320 б.

Қазақ халқының қосылу мәселесі. «Ақ жол» №457. 11 июль, 1924 ж.

Қазақшыл Хасенғали. Қазақ енді қазақ болу керек. «Ақ жол» №487. 25 сентябрь, 1924 ж.

Қалжан Қоңыратбайұлы. Жаңа аудандарға бөлу туралы. «Ақ жол», №389, 13 январь, 1924 ж.

Қасқабасов С. «Ақ жол» туралы үш құжат. «Ақиқат». 1993. №1. – 89-92 бб.

Қожакеев Т. Сара сөздің сардарлары.– Алматы: «Санат», 1995. – 168 б.

Қожанов С. «Орта Азия бірлігі һәм қазақ ұлты» «Ақ жол» №471. 17 август, 1924 ж., 8 б.

Қожанов С. Әзіргі Қазақстан (Түркістан облыстарын қоспай) «Ақ жол» №487. 25 сентябрь, 1924 ж., 36 б.

Қожанов С. Еңбек жұртшылығы бәрін женеді. «Ақ жол» №476. 28 август, 1924 ж., 25 б.

Қожанов С. Қазақ ұлт мемлекеті жасалсын! «Ақ жол» №476. 28 август, 1924 ж.

Қожанов С. Құжаттар мен материалдар жинағы. Сборник документов и материалов. – Алматы: «Жалын баспасы» ЖШС. 2013. Т.1. – 384 б.

Қожанов С. Міндет ауырлады, үдесінен шығу керек! «Ақжол» № 485. 21 сентябрь, 1924 ж., 30 б.

Қожанов С. Тез орындалмақшы. «Ақжол» № 501. ноябрь, 1924 ж., 6 б.

Қожанұлы С. Сұрауларға жауаптар. «Ақ жол» №506. 26 ноябрь, 1924 ж., 10 б.

Қоңыр Қожа. Түркістан республикасын жаңадан аудандарға бөлу. «Ақ жол» №381, 18 декабрь, 1923 жыл.

Қыдыралиев Д. Мұстафа Шоқай -Астана: Фолиант, 2007. -320 б. 179 б.

Манап Шамил (Сәкен). Жетісу Сырдарияны Қазақстанға қосу тарихы дұрыс. «Ақ жол» №168. 3 май, 1922 ж., 23 б.

Махат Д. «Ақ жол» газеті неге жабылды! Алаш. Тарихи-этнологиялық ғылыми журнал. №6. (9) 2007.-116-120 бб.

Мендешов С., Әлібеков А. Қазіргі һәм болашақ Қазақстан. «Ақ жол» № 469. 12 август, 1924 ж.

Мендешов С., Әлібеков А. Жалпы қазақ азаматтарына! «Ақ жол» №471. 17 август, 1924 ж., 49 б.

Мырза Науырызбаев. Бұхара топырағындағы қазақ жайынан қазақтығы жоғалған. «Ақ жол» №445. 8 июнь, 1924 ж.

Наурызбайұлы Мырза. Бұхара қазақтары ел болатын емес. «Ақ жол» №472. 18 август, 1924 ж., 9 б.

Сафаров Г. Жетісу һәм Сырдария облыстарын Қазақстан республикасына қосу. «Ақ жол» №163. 20 апрель, 1922 ж., 8 б.

Орта Азия республикалары ұлт шекарасына қарай бөлу туралы жолдас Қожанұлының пікірі. «Ақ жол» №471. 17 август, 1924 ж.

Тарпаң. Ел шаруасына көз салу керек. «Ақжол» № 512. 11 декабрь, 1924 ж., 7 б.

Тарпаң. Мұны анықтау керек. «Ақ жол» №460. 21 июль, 1924 ж.

Темірбай. Орта Азияны ұлт шекарасына қарап бөлу. «Ақ жол» №450. 23 июнь, 1924 ж.

Темірбек. Бұл қалай? «Ақ жол» №461. 23 июль, 1924 ж.

Тоқпақ. Қазақстан мен Қырғызстан ынтымақтас болсын. «Ақ жол» №507. 28 ноябрь, 1924 ж., 25 б.

Тоқпақ. Іс жүзінде орындау керек. «Ақ жол» № 514. 15 декабрь, 1924 ж., 3 б.

Түрсүн Х.М. Алаш һәм Түркістан. Монография. –Алматы: «Ел-шежіре» ҚҚ. 2013. -400 б.

Түрсүн Х.М. Еліміздің қоғамдық-саяси өміріндегі «Ақ жол» газетінің рөлі. «Ақ жол» – Көптомдық. – Алматы: Оңтүстік Қазақстан облыстық саяси қуғын-сүргін құрбандары мұражайы. 2011. Т.1. – 357 б.

Орта Азияда ұлт шекарасын айыру туралы. Тарихи мәжіліс. «Ақ жол» №487. 25 сентябрь, 1924 ж.

References

Aq zhol. (1924, August 17). №471.

Asfendijarov, S. (1924, October 24). Orta Aziada zhana ult respublikalaryn tuzu turaly zhoidas S. Asfendiarovtyn pikiri [The opinion of Comrade S. Asfendiyarov on the formation of new national republics in Central Asia]. Aq zhol, №473, 10.

Vareikis. (1924, July 1-5). Turkistan Respublikasyn ult shekarasyna qarap bolu turaly [On the division of the Republic of Turkestan into national borders]. Aq zhol, №453-454.

Dosnazaruly. (1924, September 2). Avtonomijaly Qaraqalpaq oblysyn zhasau turaly [On the creation of an autonomous Karakalpak region]. Aq zhol, №478.

- Djusembaeva, Zh., Zhamelov, B. A., & Tursun, H. M. (2022). Ul'ttyq ideja zhane «Aq zhol» gazetі [National idea and newspaper "Ak Zhol"]. Abaj atyndagy QazUPU-nin HABARShYSY, «Tarih zhane sajasі-aleumettik gylymdar» serijasy, 1(72), 22-30.
- Kemengeruly, D. Q. (2005). Ush tomdyq shygarmalar zhinagy [Collection of works in three volumes] (Vol. 1). Almaty: Alash. Qazaq halqynyn qosyly maselesi. (1924, July 11). Aq zhol, №457.
- Qazaqshyl Hasengali. (1924, September 25). Qazaq endi qazaq bolu kerek [Kazakh should be Kazakh now]. Aq zhol, №487.
- Qalzhan, Q. (1924, January 13). Zhana audandarga bolu turaly [On the division into new districts]. Aq zhol, №389.
- Qasqabasov, S. (1993). «Aq zhol» turaly ush quzhat [Three documents about the "Ak Zhol"]. Aqiqat, 1, 89-92.
- Qozhakeev, T. (1995). Sara sozdin sardarlary [Sarah Sardars of the word]. Almaty: Sanat.
- Qozhanov, S. (1924, August 17). Orta Azija birligi ham qazaq ul'ty [The unity of Central Asia and the Kazakh nation]. Aq zhol, №471, 8.
- Qozhanov, S. (1924, September 25). Azirgi Qazaqstan (Turkistan oblystaryn qospaj) [Kazakhstan today (excluding Turkestan regions)]. Aq zhol, №487, 36.
- Qozhanov, S. (1924, August 28). Enbek zhurtshylygy barin zhenedi [The Labor public overcomes everything]. Aq zhol, №476, 25.
- Qozhanov, S. (1924, August 28). Qazaq ult memleketi zhasalsyn! [Create a Kazakh national state]. Aq zhol, №476.
- Qozhanov, S. (2013). Quzhattar men materialdar zhinagy. Sbornik dokumentov i materialov (Vol. 1). Almaty: Zhalyn baspasy ZhShS.
- Qozhanov, S. (1924, September 21). Mindet auylady, udesinen shygu kerek! [The task has become more difficult, you need to get out of it!]. Aq zhol, №485, 30.
- Qozhanov, S. (1924, November). Tez oryndalmaqshy [It's going to be done quickly]. Aq zhol, №501, 6.
- Qozhanuly, S. (1924, November 26). Suraularga zhauptar [Answers to requests]. Aq zhol, №506, 10.
- Qonyr, Q. (1923, December 18). Turkistan respublikasyn zhanadan audandarga bolu [Division of the Republic of Turkestan into new districts]. Aq zhol, №381.
- Qydyraliev, D. (2007). Mustafa Shoqai [Mustafa Shokay]. Astana: Foliant.
- Manap, S. (1922, May 3). Zhetisu Syrdarijany Qazaqstanga qosu tarihy durys [The history of the accession of Zhetysu Syrdarya to Kazakhstan is correct]. Aq zhol, №168, 23.
- Mahat, D. (2007). «Aq zhol» gazetі nege zhabyldy! [Why was the newspaper "Ak Zhol" closed!]. Alash. Tarihi-jetnologijalyq gylymi zhurnal, 6(9), 116-120.
- Mendeshev, S., & Alibekov, A. (1924, August 12). Qazirgi ham bolashaq Qazaqstan [Modern and future Kazakhstan]. Aq zhol, №469.
- Mendeshev, S., & Alibekov, A. (1924, August 17). Zhalpy qazaq azamattaryna! [In general, to Kazakh citizens!]. Aq zhol, №471, 49.
- Myrza, N. (1924, June 8). Buhara topyragyndagy qazaq zhajynan qazaqtygy zhogalghan [Kazakhs lost their Kazakhs on Bukhara soil]. Aq zhol, №445.
- Nauryzbajuly, M. (1924, August 18). Buhara qazaqtary el bolatyn emes [The Kazakhs of Bukhara were not a country]. Aq zhol, №472, 9.
- Safarov, G. (1922, April 20). Zhetisu ham Syrdarija oblystaryn Qazaqstan respublikasyna qosu [Inclusion of Zhetysu and Syrdarya regions in the Republic of Kazakhstan]. Aq zhol, №163, 8.
- Orta Azija respublikalary ult shekarasyna qarai bolu turaly zholdas Qozhanulynyn pikiri. (1924, August 17). Aq zhol, №471.
- Tarpan. (1924, December 11). El sharuasyna koz salu kerek [It is necessary to look at the country peasant]. Aq zhol, №512, 7.
- Tarpan. (1924, July 21). Muny anyqtau kerek [It is necessary to figure it out]. Aq zhol, №460.
- Temirbaj. (1924, June 23). Orta Azijany ult shekarasyna qarap bolu [Dividing Central Asia by the border of the nation]. Aq zhol, №450.
- Temirbek. (1924, July 23). Bul qalaj? [How is it?]. Aq zhol, №461.
- Toqpaq. (1924, November 28). Qazaqstan men Qyrgyzstan yntymaqtas bolsyn [Let Kazakhstan and Kyrgyzstan cooperate]. Aq zhol, №507, 25.
- Toqpaq. (1924, December 15). Is zhuzinde oryndau kerek [What should be done in practice]. Aq zhol, №514, 3.
- Tursun, H. M. (2013). Alash ham Turkistan [Alash and Turkestan]. Almaty: El-shezhire.
- Tursun, H. M. (2011). Elimizdin qogamdyq-sajasi omirindegi «Aq zhol» gazetinin roli [The role of the newspaper "Ak Zhol" in the socio-political life of the country]. Aq zhol – Koptomdyq (Vol. 1). Almaty: Ontustik Qazaqstan oblystyq sajasі qugyn-surgin qurbandary murazhajy.
- Orta Azijada ult shekarasyn ajyru turaly. (1924, September 25). Tarihi mazhilis [On the deprivation of the borders of the nation in Central Asia. Historical meeting]. Aq zhol, №487.

Авторлар туралы мәлімет:

Хазретәлі Тұрсын – тарих ғылымдарының докторы, профессор, тарих кафедрасы Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті. Қазақстан, Түркістан қ. E-mail: khazretali.tursun@ayu.edu.kz

Дюсембекова Жадыра – тарих кафедрасы, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті. Қазақстан, Түркістан қ.

Айтмағамбетов Думан Рамазанұлы – т.ғ.к., доцент, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті. Қазақстан, Астана қ. E-mail: dumanad@mail.ru

Information about the authors

Khazretali Tursyn – Doctor of Historical Sciences, Professor, Department of History, International Kazakh-Turkish University named after Khoja Ahmed Yasawi. Kazakhstan, Turkestan. E-mail: khazretali.tursun@ayu.edu.kz

Dyusembekova Zhadyra – Department of History, International Kazakh-Turkish University named after Khoja Ahmed Yasawi. Kazakhstan, Turkestan.

Aitmagambetov Duman Ramazanovich – candidate of historical science, Associate Professor; L.N. Gumilyov Eurasian National University. Kazakhstan, Astana. E-mail: dumanad@mail.ru

Сведения об авторах:

Хазретәлі Тұрсын – доктор исторических наук, профессор, кафедра истории, Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави. Казахстан, г. Туркестан. E-mail: khazretali.tursun@ayu.edu.kz

Дюсембекова Жадыра – кафедра истории, Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави. Казахстан, г. Туркестан.

Айтмағамбетов Думан Рамазанович – к.и.н., доцент, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева. Казахстан, г. Астана. E-mail: dumanad@mail.ru

Поступила: 14.02.2024

Принята: 20.08.2024